

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығында Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 520/75-IV шешімі . Астана қаласының Әділет департаментінде 2011 жылғы 28 желтоқсанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 705 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласының мәслихатының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 292/41-V шешімімен

**Ескерту. Шешімнің күші жойылды - Астана қаласының мәслихатының 29.09.2014 жылғы № 292/41-V шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес Астана қаласының мәслихаты

**Ш Е Ш Т І :**

1. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығында Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі бекітілсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы А. Ким

Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы Ж. Нұркенов

Астана қаласы мәслихатының  
2011 жылғы 7 желтоқсандағы  
№ 520/75-IV қосымша

# **Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығында Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ЕРЕЖЕСІ**

Осы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығында Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабына, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңы 9-бабының 15) тармақшасына сәйкес әзірленген.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығында мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету (бұдан әрі – Әлеуметтік көмек) Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарға көрсетіледі.

2. Астана қаласының бюджеті Әлеуметтік көмекті қаржыландыру көзі болып табылады.

3. Әлеуметтік көмек "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі әкімшісі (бұдан әрі – Әкімші) болып табылатын "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер" бюджеттік бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес және қала бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде ұсынылады.

4. Әлеуметтік көмек көрсету үшін "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Астана қалалық филиалы (бұдан әрі – ЗТМО) қажеттілігіне қарай Әкімшіге осы Ереженің 5-тармағы 1-4) тармақшасында көрсетілген санаттарға жататын азаматтар туралы мәліметтерді, сондай-ақ ай сайын ЗТМО деректер қорында тіркелген, жаңадан тағайындалған және келген азаматтар туралы мәліметтерді ұсынады.

## 2-тарау. Әлеуметтік көмек төлеу тәртібі

5. Әлеуметтік көмек Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай (16 желтоқсан) ақшалай төлемдер түрінде мынадай азаматтардың санаттарына:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 20 000 (жиырма мың) теңге;

2) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сүргін құрбандарына – 20 000 (жиырма мың) теңге;

3) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға – 3 000 (үш мың) теңге;

4) Ауғанстандағы ұрыс әрекеті кезінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің аналарына – 10 000 (он мың) теңге;

5) тұлдыр жетім балалар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, оқуға төлеу мүмкіндігі жоқ аз қамтылған азаматтар ішінен оқу үлгерімі жоғары, қаланың қоғамдық өміріне белсене ат салысатын, Астана қаласының жоғары оқу орнының оқушыларынан жоғары оқу орнының ұсынысы бойынша жиырма адамға – 2011 жылдың 16 желтоқсанынан бастап оқу орнының соңына дейін оқу құнының мөлшерінде беріледі.

Осы Ереженің 1-тармағы 5) тармақшасында көрсетілген Әлеуметтік көмек Әкімшімен жоғары оқу орнының тарапынан студенттің үлгеріміне бақылау жасау кезінде көрсетіледі, студенттің академиялық демалыста болуы кезінде тоқтатыла тұрады, студент оқудан шығарылған жағдайда тоқтатылады. Студенттің оқуы тоқтатылған жағдайда басқа да тұлғаларға Әлеуметтік көмек қайта берілмейді.

6. Әлеуметтік көмектің сомаларын төлеу ақшалай қаражатты Астана қаласының екінші деңгейдегі банктер бөлімшелері арқылы алушылардың дербес

шоттары мен карталық шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.

7. Әкімшінің лауазымдық тұлғаларының әрекеті (әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте шағымдануы тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК